

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы N 878 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - ҚОГҮІЖ) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері оны іске асыру үшін қажетті қаржы қаражатын бөлуді көздей отырып, ҚОГҮІЖ-де қарастырылған іс-шараларды уақытылы орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 9 маусымдағы

N 878 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен.

Құжаттың мәтінінде пайдаланылған қысқартулардың тізбесі

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

БАЖ	-	Басқарудың автоматтандырылған жүйесі
ЖЖ	-	Жоғары жиілік
ДДҰ	-	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ҚОГ	-	Қоршаған ортаның гигиенасы
МДБМ	-	Мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі
ҚОГЕІЖ	-	Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі Еуропалық іс-қимыл ж о с п а р ы
ҚЖША	-	Құрылыс жүргізудің шектеулі аумағы
АЭК	-	Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі к о м и т е т і
ПЭК	-	Пайдалы іс-әрекет коэффициенті
БЖД	-	Барынша жол берілген деңгей
МАҚКМ	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
БҒМ	-	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚОҚМ	-	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау м и н и с т р л і г і
АШМ	-	Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ	-	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар м и н и с т р л і г і
ЕХҚМ	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қ о р ғ а у м и н и с т р л і г і
ИСМ	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
ҒЗИ	-	Ғылыми-зерттеу институты
ҚОҒҮІЖ	-	Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл ж о с п а р ы
ҚОҒҮІЖ	-	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары
ТҮС	-	Тамақтанудың ұлттық саясаты
ӘБҚД	-	Әсердің бағдарланған қауіпсіздік деңгейі
БЖД	-	Бағдарланған жол берілетін деңгей
ҚТО	-	Қоршаған табиғи орта
ШЖШ	-	Шекті жол берілетін шоғырлану
ШЖД	-	Шекті жол берілетін деңгей
"ҚРҰЯО"	-	"Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны
ӨЖЖ	-	Өте жоғары жиілік
СҚА	-	Санитарлық қорғау аймағы
БАҚ	-	Бұқаралық ақпарат құралдары

СЭС - Санитарлық-эпидемиологиялық станция
ТҚҚ - Тұрмыстық қатты қалдықтар
АЖЛ - Айрықша жоғары ластану
ЭМӨ - Электромагниттік өріс

КІРІСПЕ

Хельсинкиде өткен (1994) Қоршаған ортаны қорғау министрлері мен денсаулық сақтау министрлерінің екінші конференциясында қоршаған ортаны қорғау министрлері мен денсаулық сақтау министрлері өз елдерінің атынан 1997 жылдың аяғына дейін Қоршаған орта гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарларын (ҚОГҰІЖ) әзірлеуге міндеттеме алған болатын. Осы конференцияда Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі Еуропалық іс-қимыл жоспары да (ҚОГЕІЖ) қабылданды. Ол екі сектордың - қоршаған ортаны қорғау мен денсаулық сақтаудың тығыз ынтымақтастығы жағдайында ұлттық және халықаралық деңгейлерде қабылдануы қажет практикалық шаралардың кешенін қамтиды. Софияда өткен (1995) "Еуропа үшін қоршаған орта" конференциясында министрлер мұндай ынтымақтастықтың ҚОГҰІЖ-ін дайындау және ҚОГҰІЖ-де көзделген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимыл бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру ісіндегі маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) "Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды" дейтін 31-бабына негізделеді.

О д а н б а с қ а Қ О Г Ұ Ж :

азаматтардың экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық саулығына және радиациялық қауіпсіздікке құқығы; мемлекет қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулық жағдайына кері әсер етпейтін қолайлы қоршаған ортаны сақтауды қамтамасыз ететіні көрсетілген " Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" (1997);

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қамтамасыз етудің қағидаттары белгіленген және алдын алу қоршаған орта факторларының халықтың денсаулығына зиянды әсерін болдырмау жөніндегі қызметтегі басымдық ретінде көрсетілген " Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" (1994);

табиғат пен оның байлықтары Қазақстан Республикасы халықтарының өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының және әл-ауқатының өсуінің табиғи негізі болып табылатындығы, қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесінде қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздері айқындалған "Қоршаған ортаны қорғау туралы" (1997);

қызметкерлердің еңбекті қорғауға арналған құқықтарын қамтамасыз етуге

бағытталған және өндірістегі жазатайым оқиғалар мен денсаулығын зақымдаудың алдын алудың, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды мейлінше азайтудың ұлттық саясатының негізгі қағидаттарын белгілейтін "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" (1999) Қазақстан Республикасының Заңдарына негізделген.

Сонымен қатар, ҚОҒҰІЖ-ді әзірлеу кезінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі туралы ережеге" (1995) сәйкес жұмыс істейтін мемсанэпидқызметтің органдары мен мекемелері мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру процесінде алынған қоршаған табиғи, әлеуметтік және өндірістік ортаның жағдайы туралы практикалық деректер пайдаланылды.

ҚОҒҰІЖ ұлттық деңгейде бүгінгі күннің өзекті басымдықты проблемаларын көрсетеді, алайда оны елде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өзгерістерді, сондай-ақ денсаулық жағдайы мен қоршаған ортаның жекелеген сапалық көрсеткіштерінің өзгерістерін ескере отырып, іске асыру барысында түзетіп отыру қажет.

Республика халқының денсаулығы проблемасы адам өмір сүріп отырған ортаға аса қолайсыз әсер еткен экологиялық, әлеуметтік және шаруашылық себептердің кешенімен тығыз байланысты. Бұл соңғы жылдары күрт нашарлаған демографиялық көрсеткіштерден де кідіріссіз көрінді. Осылайша, 1998 жылы 1992 жылмен (мемлекеттің тәуелсіздік алған алғашқы жылы) салыстырғанда туу көрсеткіші 1000 адамға есептегенде 19,9-дан 14,2 адамға немесе 28,6%-ға төмендеді, ал қайтыс болу көрсеткіші 8,1-ден 9,8 адамға немесе 1,2 есеге көтерілді. Осымен бір мезгілде, табиғи өсімнің көрсеткіші 11,8-ден 4,4 адамға, яғни 2,7 есеге азайды. Сырқаттанудың жалпы деңгейі жоғары - әрбір 100 мың тұрғынға 79464,8 адам, ал балалардың арасында - 82900,7 болып қалып отыр.

Адамның табиғи ортаға шамадан тыс ықпалының теріс экологиялық нақты зардабы Арал аймағының шөлейттенуі болды. Арал өңірі мен Арал проблемасы - экологиялық қана емес, адамдардың денсаулығы үшін де қасірет болып табылады. Онда, ТМД аумағындағы туберкулез ауруының ең жоғары деңгейлерінің бірі. Туберкулезден қайтыс болу 1992 жылы әрбір 100 мың тұрғынға 11,7-ні, 1999 жылы 27,8-ді құрай отырып, жыл сайын өсуде. Аймақ үшін әлемдегі анемиямен сырқаттанудың ең жоғары деңгейлерінің бірі тән. Оба, қырым геморрагиялық безгегі, лейшманиоздар және т.б. аса қауіпті инфекциялар мен инвазиялардың табиғи ошақтары кеңеюде және жандандуда.

Денсаулық көрсеткіштерінің нашарлауының негізгі себебі қоршаған табиғи және өндірістік орта, әлеуметтік сала және елдегі экономикалық жағдай факторларының кешенді әсері болып табылатындығы анықталды. Барлық сырқаттанулардың 75%-ы, қайтыс болу жағдайларының 50%-ы, дене бітімі жағынан дұрыс дамымаудың 60%-ы, орташа өмір сүру ұзақтығының 5-7 жылға қысқаруы осылармен байланыстырылады.

Елде халық тұратын және еңбек ететін жерлерде оңтайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау проблемалары өткір қойылып отыр. Сумен жабдықтау, кәріздендіру, қатты тұрмыстық, өндірістік қалдықтарды, атмосфералық ауаға жайылған және су қоймаларына тасталған адам денсаулығына зиянды заттарды жинау, жою және залалсыздандыру мәселелері нашар шешілуде. Кәсіпорындардың аумағында өндірістік қалдықтардың, соның ішінде осы күнге дейін олар үшін полигондар жоқ болып отырған ұқсатылмаған және уытты қалдықтардың көп мөлшері жинақталған. ЖЖ және ӨЖЖ диапазондарындағы электромагниттік сәулелену көздерінің саны мен қуаты артуда. Су құбырлары суы мен жер бетіндегі су қоймаларының судың химиялық және микробиологиялық сапалық көрсеткіштері нашарлауда және т.с.с.

Қоршаған табиғи ортаның, әлеуметтік және өндірістік салалардың қолайсыз факторларының адамдардың денсаулығына теріс әсерінің нәтижелері бірден емес, ондаған жылдарға кешігіп білінеді. Осы Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуы орта мерзімдегі перспективада оңтайлыға жақын сапалық көрсеткіштерге қол жеткізу жолымен ел халқының денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін іс-шаралардың кешенін көздейді.

Қоршаған орта гигиенасы саласын елдің деңгейінде жақсартуға барлық тиісті ұлттық мүдделер мен басымдықтар ескерілетін, қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті ресурстар бөлу көзделетін Іс-қимыл жоспарын әзірлеген жағдайда, оның ішінде тиісті заңнамалық және регламенттейтін тетіктерді жасалған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Осылайша, тек Қазақстан Республикасы Үкіметінің, мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, барлық деңгейдегі атқарушы өкіметтің, сондай-ақ бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен ғана сауықтыру іс-шараларын іске асыруға болады.

Қазақстан Республикасының ҚОҒҰІЖ-і Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) халықтың денсаулығы және қоршаған орта жөніндегі кең ауқымды стратегиясы (Женева, 1993), "Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу жөніндегі консультативтік кеңестің ұсынымдары" (София, 1995) және ДДҰ-ның Еуропалық аймақтың бюросы дайындаған "1990-жылдардағы еуропалық тәжірибені шолуы" (Копенгаген, 1995), ескеріле отырып, әзірленді.

ҚОҒҰІЖ-де Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның гигиенасы саласындағы басымдықтары көрсетілді. Алайда, олар біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, климаттық-географиялық және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, ҚОҒЕІЖ-де қойылған барлық мақсаттарды толық қамтымайды.

1. ҚОҒҰІЖ-дің МАҚСАТЫ

ҚОҒҰІЖ-дің мақсаты - халықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуы қағидаттарының негізінде таза қоршаған ортаны қалыптастыру.

2. ҚОҒҰІЖ-дің МІНДЕТТЕРІ

М і н д е т т е р :

табиғи, әлеуметтік, өндірістік және тіршілік ету қоршаған ортасын қорғау; халықтың денсаулығы мен санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қорғау.

3. ҚОРШАҒАН ОРТА ГИГИЕНАСЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Қоршаған орта гигиенасының басымдықтары:
денсаулық үшін қауіпсіз жеткілікті көлемдегі ауызсу;
зиянды заттардың ауаға шығарылуы көздерін, электромагниттік өрістерді және басқа да физикалық факторларды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау;
топырақтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі аумақты тұрмыстық және өндірістік қалдықтардан тазарту;
ұтымды тамақтану және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі;
халықтың радиациялық қауіпсіздігі;
табиғи зілзалалар аудандары мен өнеркәсіптік авариялар болған жерлерде эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру;
өнеркәсіптік объектілерде қолайлы еңбек жағдайларын жасау;
балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау;
санитарлық оқу-ағарту.

3.1. Денсаулық үшін қауіпсіз жеткілікті көлемдегі ауызсу

Республика халқын ауызсумен қамтамасыз етудің жәй-күйі қанағаттанғысыз ретінде сипатталады. 2337 су құбыры бола тұра, құбыр суымен халықтың 75%-ына жуығы, 12%-ына жуығы орталықтандырылмаған су көздерінен қамтамасыз етіледі, халықтың қалған бөлігі (500 мыңнан астамы) тасымалданатын суды және ашық су а й д ы н д а р ы н п а й д а л а н а д ы .

Көптеген су құбырлары, тіпті, облыс орталықтарында да, техникалық пайдалану ережелерін өрескел бұза отырып жұмыс істейді. Электр энергиясын берудегі іркілістерге және басқа да себептерден халыққа ауызсу ұзақ іркілістермен немесе кесте бойынша - таңертеңгі және кешкі уақыттарда ғана беріледі.

Мұның өзі, тығыз бекітілмеген және өз ресурсын баяғыда өткерген, бұзылған герметикалық құбырлар арқылы су толып кеткен байқау құдықтары мен траншеялардан ағуы ықтимал кір судың сорылуы арқылы ауызсудың ластануына м ү м к і н д і к т у ғ ы з а д ы .

Ауыл шаруашылығы объектілерін толық жекешелендірудің барысында иесіз қалған ауылдық сумен жабдықтау объектілерінде бұдан да қиын жағдай қалыптасуда. Ауыл шаруашылығын сумен жабдықтаудың топтық жүйелері де біртіндеп істен шығуда, ал бұл 1200 селолық елді мекен үшін олар ауызсудың бірден бір көзі болып табылатын

мындаған километр арналы су құбырлары. Нәтижесінде, селолар орталықтандырылған су берудің болмауынан күрделі жағдайға тап болуы мүмкін, кейбіреулері, осындай жағдайға тап болды да.

Тұтастай алғанда, республика бойынша тазалау құрылыстары кешенінің, зарарсыздандыру қондырғыларының немесе санитарлық қорғау аймақтарының болмауынан немесе істен шығуынан санитарлық талаптарға жауап бермейтін 1999 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 463 су құбыры (19,8%) болды. Су құбырлары құрылыстары мен желілерінің қосалқы бөлшектердің жоқтығымен, құрамында хлор бар реагенттердің, коагулянттардың тапшылығына байланысты қанағаттанғысыз санитарлық-техникалық жағдайы су құбыры суларының сапасына теріс әсер етеді. 1999 жылдың 1-ші жарты жылдығында, тұтастай алғанда, елде микробиологиялық көрсеткіштері бойынша стандартқа сай келмейтін су сынамасының көлемі 4,6% (1998 жылы - 3,8%) болды. Әрбір үшінші стандартқа сай келмейтін су сынамасы жыл сайын 2000 жылдың 1 қаңтарында 29%-ды құраған эпидемиялық қауіпті коли-индекспен тіркеледі. Ауызсудың сапасына апта сайын мониторингті жүзеге асырған кезде бұл көрсеткіш жекелеген облыстар бойынша 30%-ға жуықты және одан астамды құрайды.

Жер бетіндегі су айдындары суды қорғау аймақтарын тұрмыстық, ауылшаруашылық және өндірістік қалдықтармен қоқыстандырудың нәтижесінде шаруашылық-нәжістік және өндірістік сарқынды сулардың төгілуімен жаппай ластануда. Олар жұқпалы да, жұқпалы емес те сипаттағы аурулардың туындауына себепші болады.

Қазақстан Республикасында су факторымен байланысты инфекциялық сырқаттануды азайту проблемасы өте өткір тұр. Су көздерінің жаппай ластануы, су құбырлары құрылыстары мен желілерінің қанағаттанғысыз санитарлық-техникалық жағдайы, ауызсудың жоғары микробтық ластануы жиі эпидемиялық асқынудың және өткір ішек инфекциясы ауруларының, әсіресе А-вирустық гепатиттің жоғары деңгейінің себепшісі болып табылады.

Ағын суларды орталықтандырылған бөлу ісі қанағаттанғысыз күйде. Қалалар мен қала үлгісіндегі поселкелердің тек 33%-ында ғана кәріздің орталықтандырылған жүйесінің дамыған желісі бар. Атырау, Ақмола, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, іс жүзінде, барлық селолық елді мекендерінде кәріз мүлде жоқ.

Суғарылатын егін алқаптарының болмауы, қазіргі кезде арналарынан асып тұрған, авариялық режимде пайдаланылатын, экологиялық та, эпидемиологиялық та тұрғыдан шешілуі қиын проблемаларды туғызатын ағын сулардың тоспаларын кеңінен пайдалануға әкеліп соқты (Алматы, Шымкент, Павлодар, Орал және т.б. қалалар).

Ағын суларды тазарту жөніндегі құрылыстардың санитарлық техникалық жәй-күйлері төмен, оның үстіне олар 1,5-2 есе артық жүктемемен жұмыс істейді (Талдықорған, Павлодар, Семей, Қарағанды, Тараз, Шымкент, Өскемен қалалары).

3.2. Зиянды заттардың ауаға шығарылуының, электромагниттік өрістердің және басқа да физикалық факторлардың көздерін санитарлық-гигиеналық қадағалау

Тұрақты көздерден зиянды заттардың республика қалаларының ауа бассейніне шығарылуының ескерілген көлемі жылына шамамен 3 млн. тоннаны құрайды.

Тұтастай алғанда, республика бойынша орта есеппен 1 тұрғынға жылына 200 кг, ал Павлодар облысының қалаларында 1284 кг, Қарағандыда - 501 кг, Жезқазған аймағында 1285 кг, Солтүстік Қазақстанда - 483 кг және т.б. әртүрлі химиялық қосылыстар атмосфераға шығарылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың үштен біріне жуығының нормативтік мөлшерлердегі санитарлық-қорғау аймақтары жоқ. Өнеркәсіптік орталықтар тұрғындарының едәуір бөлігі химиялық (атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарылулары) және физикалық (шу, тербелістер, электромагниттік өрістер т.б.) зиянды өндірістік факторлар тікелей әсер ететін аймақтарда тұрады.

Қоршаған ортаға пайдаланылған газдармен жалпы көлемі 2 млн. тоннадан астам ондаған ластаушы заттар шығаратын автомобиль көлігі теріс әсер етеді. Көптеген ірі қалаларда саны шапшаң өсіп келе жатқан автокөліктің ауа бассейнін ластаудағы үлесі жалпықалалық жалпы шығарулардың 60%-ына және одан да астамға, ал Алматы қаласында 90% - ға жетеді.

Осындай жағдайдың зардабы ретінде қалалардың селитебтік аймағындағы 3-4 сыныптық қауіптілігі бар азот, күкірт, көміртегі тотықтары мен т.б. айтпағанда, 1-2 сыныптық қауіптілігі бар әртүрлі химиялық қоспалардың бар екендігі анықталуда. Қалалардың ауа бассейніндегі ерекше қосылыстардың мөлшері жоғары: мәселен Шымкент қаласында фосфор ангидридінің, фторлы сутегінің, мыстың, қорғасынның, кадмийдің мейлінше жоғары бір жолғы шоғырланулары бар. Екібастұз бен Павлодар қалаларында бенз/а/пирен, мырыш, хром, қорғасын, рубидий, никель, мыс, марганец, темір, хлор, сынап бар.

Ауаны ластаушылардың салыстырмалы түрдегі азғантай шоғырлануларының халықтың денсаулығына тұрақты тигізер теріс әсері жекелеген органдар мен жүйелердің бүлінуіне, организмнің жалпы резистенттігінің төмендеуіне әкеліп соғады. Атмосфераны ластаушылардың әсері жағдайында жүрек-қан тамыры ауруларымен сырқаттану мен қайтыс болудың көбеюі байқалады.

Тыныс алу органдарының зақымдануы - атмосфера ластануына неғұрлым тән зардаптарының бірі, ал ең көп тараған зақымдаушы факторлар күкірт және күкіртті ангидридтер, азот тотықтары мен ауадағы бөлшектер болып табылады.

3.3. Топырақтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі.

Аумақтарды тұрмыстық және өндірістік қалдықтардан тазарту

Республиканың топырақты ластау көздері зиянды заттардың атмосфераға шығарылулары, сұйық және қатты тұрмыстық және ауылшаруашылық қалдықтар, өнеркәсіп қалдықтары (оның ішінде улы) болып табылады. Елдің аумағында 19 млрд.

тоннадан астамға тең қалдықтардың көлемі жинақталған. Олардың жыл сайынғы өсімі 1 млрд. тоннаға жетеді. Түсті металлургияның өндірістік кәсіпорындарында өнеркәсіптік улы қалдықтардың негізгі көлемдері - кен байыту мен металды қайта балқытудың 5,2 млрд. тоннадан астам қалдығы жинақталған.

Минералдық тыңайтқыштар өндірісінің өндірістік алаңдарында (Тараз қаласы) 500 мың тоннаға жуық құрамында фосфоры бар шлам мен шлак жинақталған. Шламдардың улылығы олардың құрамында фосфор, фтор, күкірт, сульфат т.б. қоспалардың болуымен анықталады. Экрандайтын пленкалардың тозуынан шлам жинағыштарда топырақ пен жерасты суларының ұдайы ластануы жүріп жатады. Соңғысындағы фтордың мөлшері 9,2 фосфаттар - 500, сульфаттардың мөлшері 2394 мг/л-ге дейін жетеді. Павлодар қаласының "Химпром" АҚ өндірісінде топырақтың үйіндідегі сынаппен ұзақ уақыт ластануы оның топырақта жинақталуына және Ертіс өзені жерасты суларының ластану қаупіне алып келді. Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және т.б. облыстардың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының әсер ету аймағындағы топырақ мыс, қорғасын, фтор, фосфор, хром, бор қосылыстарымен әбден л а с т а н ғ а н .

Едәуір аумақтарды алатын антропогендік биогеохимиялық провинциялар құрылды. Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласында топырақтағы қорғасынның саны 46,5 ШЖШ-ға дейін, кадмий 67,0 ШЖШ-не дейін айқындалады. Облыста бірнеше мың шаршы километр алаңды алып жатқан қорғасын, мырыш, мышьяқтың биогеохимиялық провинциялары құрылды. Ашық жерде өсірілетін көкөніс өнімдері де химиялық қосылыстардың араласуы арқылы ауыр металдардың тұздарымен ластанған. Қиярлардағы қорғасынның мөлшері ШЖШ-дан 10,6 есе, кадмий 16,8, мырыш 4,8 есе, томаттарда қорғасын 2-6 есе, мырыш 10-ға дейін, мыс 4,3 есеге дейін көп, капустада қорғасын 5 ШЖШ, мырышта 2 ШЖШ.

Елде өнеркәсіптік, оның ішінде улы қалдықтарды сақтайтын және кәдеге жарататын арнайы полигондардың болмауынан, олар қарапайым санитарлық талаптарға толық жауап бермейтін тұрмыстық қалдықтардың полигонына (үйінділерге) тасып ш ы ғ а р ы л а д ы .

Қалалық және селолық мекендерде қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтардан санитарлық тазарту мүлде қанағаттанғысыз жүзеге асырылады. Қалалық мекендердің тек үштен бірі ғана жоспарлы жүйелі тазартумен қамтылған, қалған бөлігі, әсіресе селолық елді мекендерде тазарту жұмыстары сұраныстық жүйеде немесе санитарлық тазалық айлықтарында ғана жүргізіледі. Егеуқұйрықтар мен шыбын-шіркейлердің жаппай көбеюі мен халық арасында эпидемиялық өршудің пайда болуының ықтимал факторы болып қала беретін қатты тұрмыстық қалдықтардың уақытылы және толық жойылмауы салдарынан тұрғын үй құрылыстарында иесіз үйінділердің пайда болуы қалыпты құбылысқа айналды.

3.4. Ұтымды тамақтану және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі

Өтпелі кезең жағдайындағы қала, әсіресе ауыл тұрғындарының тамақтану жағдайы күрделі проблема болып табылады. Эпидемиялық тұрғыдан алғанда, маңызды болып табылатын тамақтандыру объектілерінің жағдайы нашарлады.

Отандық өндірістің тамақ өнімдерінің ассортименті күрт азайып, консервіленген өнімдердің көбі шетелден әкелінуде. Оның сапасы гигиеналық талаптарға әрдайым с ә й к е с к е л м е й д і .

Республикада тамақтандыру саласындағы саясат экономикалық және әлеуметтік дамудың ұлттық жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады. Ең алдымен, ол халықтың аш-арық және тағамның жетіспеушілігінен болатын аурулар тән осал топтарын қорғауға бағытталуы тиіс.

Ірі өнеркәсіптік орындардың орнына келген шағын өндірістер, сырттай қарағанда, жетілдірілген технологиясына қарамастан, 50% нашар бейімделген үй-жайларда, сатылатын өнім сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырған нормативтік және кадрмен қамтамасыз етілудің өрескел кемшіліктерімен жұмыс істейді, кәсіпкерлер мал дәрігерлік куәландырусыз және өнімнің қауіпсіздігі туралы гигиеналық қорытындысыз күмәнді сападағы тамақ өнімдері мен тауарларды жиі сатып алады.

3.5. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі

Республиканың аумағында орналасқан рудниктер, полигондар, энергетика кәсіпорындары, өндірістер және олардың қалдықтары қоршаған ортаның радионуклеидтермен ластану мүмкіндігіне байланысты үлкен қауіп төндіреді.

Мәселен, Жамбыл облысындағы бұрынғы уран өндірісінің қалдықтары 200 мыңнан астам тоннаны құрайды, ал өндіріс алаңындағы радиацияның деңгейі 20-580 мкp/сағатқа жетеді. Қайта қопсытуға жататын рудниктер аумағының жалпы аумағы 1204,5 мың шаршы метрді құрайды.

Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданындағы бұрынғы уран рудниктері мен шахталары қайта қопсытуды қажет етеді. Өндіріс алаңдарындағы гамма сәулелері дозасының қуаты сағатына 150-ден 600 мкp аралығында өзгеріп отырады.

Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзектілердің бірі болып қалып отыр. Қазақстан аумағында 1989 жылдан бастап ядролық жарылыстар жүргізілмесе де, Семей мен Азғыр полигондарының техникалық алаңдарындағы радиациялық жағдай әлі де ықтимал қауіпті болып отыр. Полигондардың жері халық шаруашылығының айналымына берілгеннен кейін көптеген радиациялық қауіпті объектілер мен аумақтардан күзет алынып тасталды. Оларға тұрғындардың бақылаусыз кіруіне жол ашылды.

Қазақстандағы негізгі дозақұраушы факторлардың бірі бұрынғысынша радон және оның ыдырауының өнімдері болып қалуда. Фосфор рудаларын, сирек және түсті металдарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар аспаптарды сатып алмайды және жұмыс аймағының ауасындағы радонның мөлшеріне өндірістік бақылау жүргізбейді. Сонымен бір мезгілде, осы кәсіпорындардың жерасты кенінің

жұмысшылары Қазақстандағы бойына сәулені ең көп дарытушы құрам болып қалып отыр. Олардың сәуле дарыту дозалары, әсіресе, сирек полиметалдар өндіру жөніндегі шахталардағы, жол берілген 1,5 бэр/жылдың орнына 500 бэр/жылға дейін жетеді. Баршаға белгілі, радиацияның барлық басқа түрлерінің ішінде, осы радон мен оның бөлінуінің еншілес өнімдері өкпе рагының этиологиясында өте маңызды роль атқаратыны белгілі (ол мәні бойынша өкпе рагының пайда болуына темекі шегуден кейін екінші себепші болып табылады).

Радиоактивтік қалдықтарды көму күрделі проблема болып қалып отыр. Жыл сайын ел кәсіпорындарында көмуге жататын 20000-дай радиоактивтік пайдаланылмаған көздер сақталады. 1995 жылы "Байкал" объектісінің пайдалануға берілуі радиоактивтік қалдықтарды көмудің барлық проблемасын шешкен жоқ. Қызметтер үшін жоғары баға Қазақстанның оңтүстік және батыс аймақтарынан тасымалдаудың алыстығы, кешеннің ірі ауқымды қалдықтарды қабылдауға қабілетсіздігі Республиканың батыс және орталық аймақтарында радиоактивті қалдықтарды көмудің аймақаралық пункті құрылысының қажеттігін көрсетеді. Кәсіпорындарда радиоактивтік қалдықтардың жиналуы радиоактивтік заттарды ұрлау, жоғалту немесе мақсатқа сай пайдаланылмауы салдарынан авариялық жағдайлардың туындауының қаупін арттырады. Радиоактивтік заттармен жұмыс істейтін көптеген кәсіпорындардың таратылу процесінің жүріп жатуы жағдайды шиеленістіре түседі, соның нәтижесінде радиоактивтік көздер иесіз қалды және ешкім бақылау жасамайды, мұны іс жүзінде төтенше жағдайлардың қатарына жатқызуға болады.

3.6. Табиғи зілзала аудандары мен авариялар болған жерлерде эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру

Қазақстан аумағында жиырмадан астам қауіпті табиғи процестер пайда болуда. Олардан болатын таралу, қайталану, келтірілетін зиян жылдан жылға өзгеріп отырады. Халық және шаруашылықтар үшін барынша қауіптілері: жер сілкінісі, құлаулар мен көшкіндер, селдер мен тасқындар, суға кету, көктемгі үсіктер мен қар басулар, қар көшкіні, Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі, шөлге айналу процестері болып табылады.

Жыл сайын елдің оңтүстігі мен оңтүстік шығысында бірнеше ондаған рет күші 2-3 балдық жер асты дүмпулері мен тербелісі тіркеледі. Тұрғын үйлер және өндірістік объектілердің едәуір қирауына әкеліп соғатын эпицентрдегі 4-6 балдық сілкіністер жиі б а й қ а л а д ы .

Каспий теңізіндегі судың қазіргі уақыттағы көтерілуі жағалауларда орналасқан қалалар мен селолар аумақтарын су басып кету қаупін төндіруде ауыл шаруашылығы мен тұтастай алғанда, экономикаға оңалмайтын зиян келтіруде. Төтенше жағдайлар туындауы мүмкін жерлерде алғашқы медициналық көмек көрсететін және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізетін жедел қоғамдық бөлімшелерді қажет етеді.

3.7. Өнеркәсіптік объектілерде қалыпты еңбек жағдайын жасау

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының деректері бойынша кәсіпорындардың жұмыс аумағының ауасына 200-ден астам зиянды химиялық заттар бөлініп шығады екен. Өнеркәсіптік орындарда жұмыс істейтіндер өндірістік ортаның басқа да қолайсыз факторларының әсеріне ұшырайды, олардың ішінде: физикалық (шу, тербеліс, электромагниттік өрістер, статикалық электр, жоғарғы және төменгі температура, иондық сәулелену, ультракүлгін және инфрақызыл радиация), биологиялық (патогендік микроорганизмдер) және психофизиологиялық (физикалық және жүйке-физикалық ауыртпалықтар) бар.

Жыл сайын еңбек жағдайы жұмыс аймағы ауасының ластану деңгейі бойынша гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін 40%-дан астам кәсіпорындар анықталады. Шаң-тозаңдануы кен өндіру мен көмір өнеркәсібі орындарындағы нормативтерден ондаған есе асып түседі. Өндірістік үй-жайлар ауасының химиялық ингредиенттермен шоғырланулардағы ластануы ШЖШ-дан жоғары болуы өнеркәсіптің фосфор (фосфин, фосфорлық ангидрид, көміртегі тотығы, фторлы сутегі) металлургиялық (қорғасын, мышьяк, мырыш, мыс, мышьякті, күкірт ангидрид, бериллий, көміртегі тотығы), мұнай өндіру, мұнай өңдеу, газ (көмірсутегі, күкірт ангидрид, бенз/а/пирен, көміртегі тотығы, күкірт сутегісі, сілті) салаларының объектілерінде орын алған.

Зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында (халық шаруашылығының негізгі салалары бойынша) жұмыс істейтіндердің саны 382,0 мың адамды немесе бүкіл санының 15%-ын құрайды. Қарағанды облысында бұл көрсеткіш - 32%, бұрынғы Жезқазған облысында 22,2%, Шығыс Қазақстанда - 31%.

Тұтастай алғанда ел бойынша өнеркәсіптегі және көліктегі әрбір бесінші жұмыс орыны гигиеналық талаптарға сәйкес келмейді, жұмыс істеушілердің 30-дан 50%-ға дейіні ауыр дене жұмысымен айналысады, бұл жағдайда әйел еңбегі кеңінен п а й д а л а н ы л а д ы .

Кәсіптік сырқаттану мен кәсіптік уланудың алғашқы байқалған жағдайларының ішінде аурулардың 66,6%-ының кәсібі бойынша еңбек қабілетін жоғалтқандығы байқалды. Әсіресе, бұл көрсеткіш көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің арасында жоғары (99,5%). Орта есеппен кәсіптік патологияның 10%-ы әйелдерге түседі.

Кәсіптік сырқаттардың пайда болуына ықпал ететін себептерді талдау кезінде 46,7%-ы технологиялық процестердің жетілдірілмеуінен, 21,2%-ы құрал-жабдықтардың, тетіктердің, құрылғылар мен аспаптардың құрастырулық кемшіліктерінің болуы себепті, 7%-ы техника қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуынан б о л а т ы н ы б е л г і л і б о л д ы .

Сонымен бір мезгілде, қаржылық қиындықтардан бұрын тиімді жұмыс істеп тұрған ірі өнеркәсіптік орындардың қызметкерлерін медициналық-санитарлық қамтамасыз ету және техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы б ұ з ы л ғ а н .

Колхоздардың таратылуына байланысты көптеген шағын шаруа қожалықтары

құрылды. Жаңа құрылған шаруашылықтар механизация құралдарымен өте нашар жабдықталған, мал өсірудің типтік емес қора-қопсыларын пайдаланады, жұмыс киімдері мен жеке қорғау құралдары, санитарлық-тұрмыстық үй-жайларымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеген - осының бәрі, белгілі бір дәрежеде, еңбек жағдайын нашарлатады және кәсіптік сырқаттардың пайда болуына ықпал жасайды, оның ішіндегі ең қауіпті патология бруцеллез болып табылады.

Шаруа қожалықтарында денсаулықты қорғауға бағытталған республикада қабылданған және қолданылып жүрген заңдар сақталмайды. Мал төлдету науқаны кезеңінде ауру малмен жүргізілетін жұмыстарға кез келген жастағы балалар жіберіледі. Темекі өңдеу кезінде темекі өңдеу жұмысына балалар, жүкті, емшектегі баласы бар әйелдер тартылып, өрескел кемшіліктер жіберіледі.

3.8. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау

Балалардың мектепке дейінгі мекемелеріндегі балаларды ұстау жағдайларының нашарлауы, олардың көпшілігінің жабылуы балалардың денсаулық жағдайына әсер етті. Сырқаттану құрылымында өткір ішек инфекциялары, суық тию сырқаттары (өткір тонзиллит, ангина, бронхит, тұмау, ОРВИ) және вирустық гепатит басым болып отыр. Сырқаттанған ұйымдастырылған балалардың үлес салмағы республика бойынша 31,6%-ды, Қызылорда облысында - 42,1%, Оңтүстік Қазақстан облысында - 40,1%, Жамбыл облысында - 40,8%, Маңғыстау облысында - 39,1%, Ақтау облысында - 38,5%-ды құрады.

8246 жалпы білім беру мектептерінен 4368-і (52,9%) үлгілік ғимараттарда, 3878-і қарапайым үй-жайларда, 223-і апатты жағдайдағы ғимараттарда орналасқан. Мектептердің жартысынан көбі 2 және 2,5 ауысымда жұмыс істейді, ал үзілістер 5 минутқа дейін қысқартылған.

Үй-жайлардағы температуралық режим бұзылған, жасанды жарықтандыру дәрежесі төмендеген. Мектеп жиһазы ескі, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Оны ауыстыру жүргізілмейді. Мектептердің 40%-ында дене тәрбиесі сабағы дәліздерде және басқа бұл мақсат үшін нашар бейімделген үй-жайларда өткізіледі.

Мектептерді компьютерлендіру алаңдар бойынша да, құрал-жабдықтарды орналастыру бойынша да компьютерлік үй-жайларға қойылатын санитарлық талаптарды ескермей жүргізіледі және т.с.с.

Мектеп оқушыларының ыстық тамағын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар: тамаққа дотация бөлінбейді және ыстық тамақпен қамту небәрі 10-15%-ды құрайды. Тағам блоктарындағы технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарының 30%-ы жарамсыз.

Ет, сүт, май сияқты негізгі азық-түліктерді жеткізуде жүйелі түрде іркілістердің болуы орын алған, балық, жұмыртқа, шырындар, жемістер сирек түседі. Тағамдардың калориялылығы әдетте 2 және одан да көп есе төмендеген, С-витаминдеу іс жүзінде жүргізілмейді.

3.9. Санитарлық ағарту.

Халық арасында жұқпалы және жұқпалы емес этиология ауруларының алдын алу жөніндегі медициналық және гигиеналық білімдерді кеңінен насихаттауды қамтамасыз ету қажет. Қоршаған табиғи және әлеуметтік орта, оның жағдайы белгілі бір дәрежеде біздің оған деген қарым-қатынасымызға байланысты екендігін, көптеген аурулардың экологияға тәуелді екендігі туралы халыққа түсінік беру керек. Санитарлық ағарту халықты қарапайым гигиеналық ережелерге үйретуге, әркімге өз денсаулық жағдайы үшін жеке жауапкершілігі туралы түсіндіруге бағытталуы тиіс.

4. ҚОҒҰІЖ-ді ғылыми қамтамасыз ету

ҚОҒҰІЖ қолдауға кеңестер жүргізу бағдарламасы терең ғылыми зерттеулерді және басымдықты проблемаларды іріктеуді талап етеді. Осы мақсат үшін мынадай жобалар ұ с ы н ы л а д ы :

4.1. "Қоршаған орта мен Васильковский алтын кен орынына жақын тұратын тұрғындардың денсаулығы жағдайын жақсарту жөніндегі санитарлық-гигиеналық і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е у " .

